

## БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

## Қарым-қатынас тренинг сабағы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
08.01.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/25170/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## « Қарым- қатынас» тренинг сабағы

**Мақсаты** : студенттер бір - бірімен қарым -қатынасын жақсарту негізінде оларды адалдыққа , достыққа , шындыққа , тәрбиелікке үйрету.

**Сәлемдесу. Менің тренингтік есімім.**

Шарты: Топ дөнгелек болып отырады, қатысушылар кезекпен сәлемдесіп, әр оқушы есімін айта отырып, өз бойындағы жақсы қасиеттерді қоса айтады.

Жүргізуші оқушылардың бойында табылған нақты қасиеттерді саралап, қортындылай келе тренинг сабақтың ережесін түсіндіреді.

**ЕРЕЖЕ:**

1. Құпиялылық
2. Бір-бірімізді тыңдаймыз және сөзді бөлмейміз

3. Белсенді боламыз
4. Бір-бірімізге ренжімейміз
5. «қазір» және «осында» принципі

#### **«Жер сілкінісі» қыздыру жаттығуы**

Мұнда топқа қатысушы адамдар 3-3-тен болып тұрады. Екеуі шатыр және бір адам олардың астында тұрады. Жүргізуші шатыр деген команда бергенде, шатыр жасап тұрған балалар ауысуы керек. Жүргізуші «адамдар» деген команда бергенде, шатыр астындағы адамдар орнын ауыстырады. Ал егер, «жер сілкінісі» деген команда болғанда, барлығы орын ауыстыруы керек.

#### **» Ұқсастық шегі .» жаттығуы**

Шарты : Қатысушылар жұптасып отырады , А 4 қағаз беті және қалам қажет . Жанындағы жұбына қарап , ұқсастықты тауып , » Біздің ұқсастығымыз .» деп А 4 қағаз бетіне жазады . Ұқсастық табу үшін 4 мин уақыт беріледі . Жаттығуды орындағаннан кейін , жұп бір - бірінің жазған ұқсастығын оқып , өз ойларын айтады .

#### **» Пульс ойыны»**

Дөңгеленіп отырамыз . Қатысушылар бір - бірінің қолынан ұстайды . Бір ойыншы ортаға шығады . Жүргізуші » басталды » деген белгі бергенде ойыншылар кезекпен қолдарын қысады . Ортадағы ойыншы пульстың қайда кетіп бара жатқанын табу қажет . Жүргізуші «тоқта » деген белгі береді

#### **«Суретті аяқта» жаттығуы**

Оқушыларға алдын ала даярлаған плакатта немесе тақтада бір нүкте салынады. Оқушылар кезек -кезек шығып, сол нүктеден бастап бір сызықтан салады, соңында шыққан суретті бағалап , әркім өзі жүргізген сызық арқылы нені бейнелеуге тырысқанын және қандай сурет нәтижесінде шыққанын бағалайды.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.